КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 мамыр №7119-24-00-2/5345 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ретінде «Қаныш Әтпаев атындағы канал филиалы» филиалы

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«МегаПринтКомп» атты жеке кәсіпкер Гүлнәз Талғатқызы Талғатова,
«Nar Group» атты жеке кәсіпкер Нұран Қасымбекұлы Әлімбек;

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2024 жылғы 07 наурызда Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ретінде «Қаныш Әтпаев атындағы канал филиалы» филиалы (бұдан әрі – РМК) мен «МегаПринтКомп» атты жеке кәсіпкер Гүлнәз Талғатқызы Талғатова (бұдан әрі – ЖК-1) арасында №684 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2024 жылдың 23 наурызына дейін талап қоюшыға бағасы 420 000 теңге тауар – 1 дана бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізуге, ал РМК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 21.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 28.06.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 09.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

2024 жылғы 11 наурызда РК мен «Nar Group» атты жеке кәсіпкер Нұран Қасымбекұлы Әлімбек (бұдан әрі – ЖК-2) арасында №432 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2024 жылдың 27 наурызына дейін талап қоюшыға жалпы сомасы 1 245 000 теңге тауар – 10 дана қуат беру блоктарды жеткізуге, ал РМК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға сәйкес тауар жеткізбеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тануды сұрады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Іс бойынша жекелеген процестік әрекеттер жүргізген, алайда АПК-нің 267-3-бабының 6-тармағына сәйкес жеке сот әрекеттерінде жауапкер жағынан уәждерін растайтын құжаттар мен басқа дәлелдер ұсынылған жоқ.

2024 жылғы 07 наурызда РМК және ЖК-1 арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2024 жылдың 23 наурыз.

2024 жылғы 11 наурызда РМК және ЖК-2 арасында шарт жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай тауар жеткізу мерзімі 2024 жылдың 27 наурыз.

Талап арызда өнім берушілернің шарттың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген, АПК-нің 267-3 бабының 6-тармағына сәйкес өткізілген жеке процессуалдық әрекеттерде жауапкер өз пайдасына тиісті дәлелдемелерді ұсынбаған.

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 21.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.06.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 09.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттардың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкерлер ЖК-1 мен ЖК-2 шарттардың талаптарын бұзған, осыған орай қазіргі уақытта шарттар біржақты бұзылған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушілерінің шарттарды орындамағанын ескере отырып, сот ЖК-1 және ЖК-2 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сот шығындары АПК-нің 117-бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су шаруашылығы комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ретінде «Қаныш Әтпаев атындағы канал филиалы» филиалының жауапкерлер «МегаПринтКомп» атты жеке кәсіпкер Гүлнәз Талғатқызы Талғатова мен «Nar Group» атты жеке кәсіпкер Нұран Қасымбекұлы Әлімбекке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «МегаПринтКомп» атты жеке кәсіпкер Гүлнәз Талғатқызы Талғатова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «МегаПринтКомп» атты жеке кәсіпкер Гүлнәз Талғатқызы Талғатовадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Nar Group» атты жеке кәсіпкер Нұран Қасымбекұлы Әлімбек мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Nar Group» атты жеке кәсіпкер Нұран Қасымбекұлы Әлімбектен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 21.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.06.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 09.07.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жақсыбаев А. Г., 21.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.06.2024, судья Жақсыбаев А. Г., 09.07.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство